

ЖШС «Гаухартас» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес хаттамалары

2020-2021 жылы

Педогогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар саны: 9

28.08.2020 ж.

2020-2021 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру тақырыбында педогогикалық кеңес өткізілді.

Мақсаты:

Коронавирустық инфекция таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2020-2021 оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасында өзгерістер бар екендігін педогогтерді хабардар ету. Жаңа 2020-2021 оқу жылына дайындық аясында өткізілді.

Өткізу форматы: қашықтықтан WhatsApp желісі арқылы өткізілді. Педогогикалық кеңеске әкімшілік құрамы және тәрбиешілер толық қатыстырылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Педогогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. 2020-2021 оқу жылына арналған оқу –тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін, перспективалық жоспарларын , күн тәртібін бекіту.
3. Аттестация комиссиясын құру.
4. «Балабақшада қолдануға тиімдік технологиялар» баяндама
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту. Тәрбиешілер портфолиясы

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Мырзатаева Айгул сөз алды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту,бастауыш негізгі орта,орта білім беру ұйымдарында педогогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (бұйрығына сәйкес) ережелерімен таныстырылды.

Білім беру ұйымдарының педогогикалық кеңесі білім беру ұйымдарын алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.Педогогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымдарының барлық педагогтары кіреді.

Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір оқу жылы мерзіміне тарағаны,хатшыны сайлайды. Педагогикалық кеңес төрайымы балабақша меңгерушісі Мырзатаева Айгул Амангелдиевна , хатшы Суттибаева Меруерт Амановна сайланды.

Тыңдалды:

Келесі мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылына жоспарына оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесіне,перспективалық доспарларын және күн тәртібін бекіту мәселесіне тоқталды.

Қазақстан Республикасыны Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығына 1- қосымша:

«Коронавирустың инфекциясының таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарын да ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарымен таныстырылды.

Онда ұйымдастырылған оқу қызметін ата-аналардың жетекшілігімен педагогтердің тапсырмаларын үйренеді және орындайды (ересек, мектепалды топтарында). Сауат ашу негіздері, математика негіздері. Қоршаған ортамен танысу (күніне бір сабақ) педагогтердің қашықтықтан кіріктірілген сабақ кестесіне құрылғанын айтты. Білім бөлімінің 27.08.2020 жылғы №1159 шығыс хатымен таныстырылды. Онда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына енгізілген өзгерістері туралы түсіндірді.

«Денсаулық»- білім беру саласы;

Ерте жас, кіші топ, ересек топтарында 3 сағат;

«Қатынас»- білім беру саласы:

Ерте жас топтары мен кіші топтарға 1 сағат берілген (30 минут сөйлеуді дамыту, 30 минут көркем әдебиет);

«Таным»- білім саласы бойынша;

Ерте жас тобына -1 сағат (сенсорика -30 минут, жаратылыстану -30 минут);

Кіші тобына -2 сағат (сенсорика -30 минут, құрастыру -30 минут, жаратылыстану -1 сағат);

Ортаңғы тобына -2 сағат 30 минут (жаратылыстану -1 сағат, математика негіздері -1 сағат, құрастыру -30 минут);

«Шығармашылық» - білім саласы:

Ерте жас -2 сағат (сурет салу -30 минут, мүсіндеу -30 минут, музыка -1 сағат);

Кіші тобына -3 сағат (сурет салу -1 сағат, мүсіндеу -15 минут, жапсыру -15 минут, музыка -1 сағат 30 минут);

Ортаңғы топқа 3 сағат (сурет салу -1 сағат, мүсіндеу -15 минут, жапсыру -15 минут, музыка -1 сағат 30 минут);

«Әлеумет» - білім саласы:

Ерте жас және кіші топқа жүргізілмейді.

Ортаңғы топқа -30 минут (қоршаған ортамен таныстыру -30 минут);

Ересек топқа -30 минут (қоршаған ортамен таныстыру -30 минут);

Экология негіздері қысқартылған.

Биылғы жаңа оқу жылында балалардың жас ерекшелігіне қарай 4 топ;

Ерте жас «Еркедай тобында» - 25 бала

Кіші жас «Сұңқар» - 25 бала

Ортаңғы жас «Қарлығаш» тобында

Топтардың ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына енгізілген өзгерістер бойынша түзіліп, бекітіледі.

Тыңдалды:

Келесі мәселе бойынша меңгерушісі Мырзатаева Айгул педагогтарды аттестациядан өткізу ережесімен таныстырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына бекітілген. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларына іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды және білім, ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестациялаудан өткізу қағидалары мен шарттарында» ҚРБҒМ-нің 14.05.2020 жылғы №202 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Тыңдалды:

Келесі мәселе бойынша әдіскер Ахпанова Г «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар» тақырыбындағы баяндамасын слайд жасап, WhatsApp желісімен түсіндірді.

Тыңдалды:

Соңғы мәселе бойынша меңгеруші Мырзатаева А тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын былтырғы оқу жылындағы тақырыптары бойынша жұмыс жүргізілетінін айтып,бекіткен.

Қаулы етеді:

1. Педагогикалық кеңес хатшысы әдіскер Ахпанова Г сайланды.
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 тамыздағы №345 бұйрығына 1-қосымша «Коронавирустың инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде мектепке дейінгі ұйымдармен мектеп алды даярлық сыныптарында ұйымдастыру әдістемелік ұйымдарын басшылыққа алып жұмыс жүргізу.
3. Аттестация комиссия мүшелері құрылып жұмыс жүргізісін.
4. Тәрбиешілер бекітілген шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізісін.

Төрайымы:
Хатшысы:



Мырзатаева А
Суттибаева Ж

Педогогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқандар саны: 9

22.10.2020 ж.

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

2. «Бала бақшада балаардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» баяндама.

3. Бала бақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі? Пікір алмасу.

4. МДҰ-да дәстүрлі және инновациялық денсаулық сақтау технологияларын пайдалану тақырыпты тексерудің қорытындысы.

5. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерін талдау.

6. «Кім тапқыр» викториналық сұрақтар.

Өткізу форматы: қашықтықтан.

Тыңдалды: Бірінші бойынша балабақша меңгерушісі Мырзатаева А сөз алып, өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуының қорындысына тоқталды. Бала бақша карантин жағдайына байланысты жұмыс жасап жатпауына байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығын 1 қосымпасын басшылыққа алып, ересек «тұлпар топты төрайым топтары күніне бір оқу қызметін қоршаған ортамен танысумен байланыстыра отырып, WhatsApp желісінде өтуде. Ата-аналармен керіс байланыс жасауда .

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша тәрбиеші Молдабаева Ж сөз алып , «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу»,тақырыбында баяндама жасады. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып,олардың өнегеліде тәрбиелі болып тәрбиеленуін балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін,дененің сау болуы үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Бала денсаулығының мықты болып,қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.Сондай-ақ баланың қозғалысын жетілдіру, қимыл-дағдыларын және дененің икемділігін,шапшаңдық,күштілік,төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға тұрмыста және дене тәрбиесі оқу қызметінде қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша әдіскер Ахпанова Г сөз алып «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» - тақырыбында өз ойларын айтуды айтты.

Баланың бақытын болуы үшін ,дененің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дене сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді,жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт.

Балалардың денсаулығын нығайтуда спортқа әуестендіріп ,күн тәртібі ережелерін сақтай білуге ,жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтырып,сауаттылыққа тәрбиеленушінің қажет.Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ананың және балабақшаның міндеті.

Біздің балабақшаның да басым бағыттарының бірі – балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. Осы бағытта балабақша Елбасымыздың «Шынықсаң шымыр боласың» насихат сөзіне сүйене отырып ,денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырды:

1.Гигиеналық жұмыс (жуыну,шынтакқа дейін қолға су құю,тұзды сумен шаю)

2.Шынықтыру жұмыстары:күн,су,ауа,су құю,сүртіну.

3.Дене шынықтыру оқу қызметі таза ауадағы қимылдық ойындар.

4.Дем алу,сергіту жаттығулары.

Осы кестелер бойынша сауықтыру,шынықтыру шаралары жүргізіледі.

Тәрбиеші Суттибаева М Күн тәртібіне сәйкес балаларды таза ауаға шығару,ертеңгілік жаттығулар жасау,оқу қызметі кезінде сергіту сәйкестерін жасау,қимылда ойындар өткізу т.б жүргізіледі. Өзін-өзі күту дағдыларын дамытуға жағдай жасалған.Ауа –райына байланысты киінуге, мүмкіндігінше киімдерін тазалауға, жуынуға, тарануға, киімін жинауға, бет орамалды қолдануды үйретеміз.

Тыңдалды: Соңғы мәселелер бойынша балабақша меңгеруші Мырзатаева А сөз алып, балабақшаның қазіргі таңда жұмысы тоқтап тұруына байланысты жүргізілмегендігін айтып өтті.

Педогогикалық кеңес

Қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығының 1 қосымшасын басшылыққа ала отырып. Ересек және ортаңғы топтары күніне оқу қызметін (қоршаған ортамен таныстырып отырып) жүргізілсін.
2. Балабақшаның қалған топтары ата-аналарымен WhatsApp желісі арқылы бала денсаулығы нығайту жолдары бойынша әңгіме жүргізілсін.
3. Ата – аналармен жұмыс жүргізуді жалғастыру жүргізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Мырзатаева А

Суттибаева Ж

Педогогикалық кеңестің №3 хаттамасы

Қатысқандар саны: 9

14.01.2021 ж.

Күн тәртібінде:

1.Кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Мырзатаева А сөз алып, кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру мәселесіне тоқталды. Кезекші топ ашу үшін InfoKazakhstan.kz сайтынан тіркеліп , рұқсат актісі алынып, қаңтар айының 20-нан жұмыс жасаймыз.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 13.08.2020 жылғы №345. Коронавирустың инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 25.12.2020 жылғы №67 қаулысымен таныстырды.Кезекші топтардың жұмысы санитарлық талаптарды қатаң сақтаған жағдайда оның ішінде осы тәртіпке сәйкес ата-аналардың өтініштер негізінде жүзеге асырылады,яғни мектепке дейінгі ұйым басшысының атына өз ниеті туралы өтініш жазады.

Әр топта 15 балаға дейінгі кезекші топтарды құрады.

Тәрбиешілер 1 аптада ауысыммен жұмыс жүргізеді. Аспаздар мен қарауылдар да ауысымда жұмыс жасайды.

Барлықтарыңыз бекітілген кестемен танысасыздар.

Кезекші топтардың білім беру процесі бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіледі. Балабақшаның барлық қызметкерлері және балалардың медицина қызметкер күн сайын таңертеңгі филтрден өткізеді. Ауру белгілері анықталған жағдайда қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді, балалар ата-аналарын үйіне қайтарылады. Балалардың ата-аналары құралдарымен қамтымасыз етеді; яғни ,қол орамал,дымқыл бактерияға қарсы майлықтар мен маскалар .Балалардың ата-аналары балаларын балабақшаның сыртқы кіретін есігіне дейін ертіп апарады, балабақшаның кіреберісінде тәрбиеші балаларды қабылдайды.Қазақстан Республикасы Денсаулықты сақтау министрлігі Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 14 қаңтардағы №2.Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қаулысы және Түркістан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 15 қаңтар 2021 жылдық №1 «Түркістан облысының аумағында карантин мен шектеу шараларын ұзарту туралы» - Қаулысымен таныстырды.

Қаулы етеді:

1.Кезекші топтардың жұмысы ұйымдастырылып, санитариялық талаптар қатаң сақталынсын.

Төрайымы:  Мырзатаева А
Хатшысы:  Сүттибаева М



Педогогикалық кеңестің №4 хаттамасы

Қатысқандар саны: 8

19.03.2021 ж.

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Ойын кеңестігін байыту және сөйлеу мазмұнын дамыту» салыстыру тексерудің қорытындысы.
3. «Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда диалогтың сөйлеуді дамыту» баяндама
- 4.Тәрбиеленушілердің коммуниктивті қабілетін ТРИЗ технологиясы элементтері арқылы жетілдіру. Пікір алмасу.
- 5.Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетін талдау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Мырзатаева А сөз алып, өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуына тоқталады. Балабақшада кезекші топ жұмыс жүргізуде. Жұмыс барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығы басшылыққа алып жұмыс жүргізуде.

Кезекші топтарда 15 баладан жұмыс жүргізілуде. Оқу – тәрбие процестері үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілуде

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша меңгеруші Мырзатаева А сөз алып, ересек және ортаңғы топтарында жүргізілген. «Ойын кеңестігін байыту және сөйлеу мазмұнын дамыту» тақырыбындағы салыстыру тексерудің қорытындысына тоқталды. Тексеру қаңтар айының ақпан аралығында жүргізілді. Қазіргі заманға сай білімді де, тәрбиеленушілер ұрпақ тәрбиелеу педагогтардың еншісінде. Балалардың сөйлеу тегін дамыту байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге,құрастыра сөйлеуге,сөздік қорының молаюына бала көңіл бөлген жөн. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың қиялын шарықтатып,ойлау қабілетін ұштауға болады. Балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі-сөйлеуді дамытудың негізгі бір міндетті болып саналады.Тәрбиешілер сөздік жұмысын жүргізе отырып,оларды айналасындағы заттармен таныстырып,атын атай білуге,қасиеті мен сапасын,түр түсі және ажырата білуге,өмірдегі қоршаған ортадан түрлі құбылыстар жайындағы ұғым,түсініктерін дамытуға , белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеді. Балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап,анықтап әр байытып айыруға баса назар аударады. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрсенің қызықтысына ықыласы ауып,таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сқйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуыан ықпалына тигізіп,таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды.Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдығы ,бәрін білуге деген талпынысы. Баланың білуге деген құштарлығы,сөйлеуді ойын үстінде қалыптасады,сол үшін топтардағы ойын бұрыштарында дидактикалық қимылды,үстел үстінде ойналатын ойындар картотекасы болуы керек. Ересек тобында орталықтары жасақталған. Дидактикалық , қимылды ойындар картотекасы жасалған. Дамыту орталықтарында ойыншықтар жинақталған.

Ересек тобында дамыту орталықтары жасақталған. Дидактикалық қимылды ойындар картошкасы жасалмаған. Әртүрлі ойыншықтардан дамыту орталықтарын жасақтаған. Әңгіме қатысу және тілді түсіну,тыңдау біліктерін,көмей шағын тапқақтарды жатқа айту дағдыларын қалыптастыру бойынша, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме , үлгі бойынша әңгіме құрастырды,шағын әңгімелер мен ертегілер айтып беруге дағдыларын қалыптастыру үшін дамыту орталықтарын толықтыру керек.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша тәрбиеші Молдабаева Ж сөз алып, «Мектепке дейінгі ересек жаста балаларда диалогты сөйлеуді дамыту» тақырыбындағы баяндамасын оқыды.

Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретуде, мынандай мәселеге бола назар аударылады, әңгіме құрастыруда өз ойын жүйесін анық, түсінікті жете білуге, үйретімді, логикалық тапсырмаларды орындағанда баланың байланыс сөйлесуіне баса назар аудару қажет, оқылған шығарманың мазмұнын өз түсінігі бойынша ауызша баяндай білуге түсіндіру керек.

Байланыстырып сөйлеуді дамытуда сөздік жұмыс, сөйлеу, әңгіме құрастыру жұмысы жүргізілуде. Байланыстырып сөйлеу мәдениеті арнайы жоспарланған сабақтарда, сабақтан тыс ойын сәттерінде, шығармаларды сахналауға, ертеңгіліктерді өткізуде дамытылады. Тәрбиеші айтқан ертегіні зейін қоя тыңдап, мазмұнын ауызша қайталап айтуда, әңгімелеп беруде, грамматикалық тұлғада дұрыс байланысып сөйлеуге үйретіледі. Сөйлеуді дамыту оқу қызметі қызықты, әсерлі түрде ұйымдастыру баланың белсенді сөйлеуін қамтамасыз етеді, яғни балаға сөйлеу қажеттілігін тудырады. Тәрбиеші – педагогтар ата-аналар баланың кез-келген уақытта берген жауабының толық дауысының анық ашық, мәнерлі болуын талап етуі керек. Күнделікті іс-әрекет сабақ ойын, серуен, бос уақытта баланың ауызша сөйлей білуге, сұраққа толық жауап беруге, сөйлеуді дұрыс құрап айтуға, өз ойын жүйелі жеткізуге, шығармашылығын әңгіме құрауға үйрету үшін жүргізілетін жұмыстар, байланыстырып сөйлеуге қалыптастыруға негіз болады. Мысалы; берілген суреттер бойынша әңгіме құрастыру, отбасында, жолдастарымен қарым-қатынасында, қоршаған ортадағы адамды тыңдай білу, оларға дауыс жауап беруде диалогтың сөйлеуге үйретіледі. Оқыған шығармаларды әңгімелеуде, оны өмірде көргендерімен салыстыруда монологты сөйлеуге үйренеді.

Байланыстырып сөйлеудің екі типі диалог пен монолог. Баланың оларды үйренудегі ерекшеліктері.

Диалог-екі не одан да көп адамның әңгімесі. Әңгіменің мақсаты: әдетте бір нәрсе жайында сұрап, оқыған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға шақыру. Диалог стилі жағынан негізінен ауызекі сөйлеу тілін тән. Байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістері:

1. Әңгімелесу, әңгімелету, әңгіме құрату.
2. Оқылған шығарма түрін әңгімелету.
3. сурет, картиналар көрсетіп, әңгіме құрату.
4. Ойыншықтарды сипаттатып әңгімелету.
5. Өз тәжірибесі бойынша әңгіме құрату.

Әңгімелесу әдісі диалог түрде сөйлесуге үйрету мақсатын көздейді.

Әңгімелесу баланың зейінен түгелдей қажетті объектіге аударып, оны өз ойын, көрген түйгенін жүйемен, рет-ретімен айтып беруге дағдыландырады. Әңгімелесу программа мазмұнын меңгертуге, баланың алған білімнің тиынақты саналы болуына диалог түрінде сөйлеуге жаттықтырып, сұраққа толық сөйлем құрап жауап беруге негіз қалайды.

Сөйлеу тілінің қалыптасуы (диалогты) өзіне қаратылып айтылған сөздерді тыңдап түсінуге әңгімені қолдауға, сұрақтарға жауап беруге және сұрауға әңгімелесу кезінде өзін мәдениеті, әдепті, байсалды ұстау іскерліктерді дамыту. Өзге балалардың әңгімесінің маңыздылығына әсер етіп, бір-бірінен жаңалықты білуге ықыласын арттыру. Суреттеу әңгімелердің салыстырмалы және түсіндірмелі түрлері болады. Түріне қарай екі түрлі затты салыстырып айтып береді. Түсіндірмелі әңгімелеуде бала өз ойын жеткізеді, әрекеттерді көрсете алады. Мысалы: Бала екінші балаға қандай да болса затты, ойыншықты қалай дұрыс қолдану, қалай ойыншықпен ойнау қажет екенін түсіндіріп береді. Сюжетті әңгімелеу – бұл бір уақытта болған, кейіпкерлері бар әңгіме. Балалар сюжетті әңгімелер туралы түсінік беріледі – бірінші кейіпкерлерін атайды, кейде олардың сыртқы түрлеріне сипаттама беріледі, соңынан бірінші оқиғаның қай жерде болғаны туралы артынан 2-3 эпизодтардың арасында байланыс, ең соңында аяқталуы жөнінде айтады. Осындай әңгімелеу кестесін бола бірден ұғып алмайды. Балаларға аяқтау ұсынылады, немесе оқиға болып жатқан орынды сипаттау немесе екі кейіпкер арасындағы диалог тағы басқа әңгімелеп үш категориясы: қабылдау бойынша, есте сақтаған оқиғаларды әңгімелеп беру, ойдан шығару.

Бірінші екі әңгімелеу категориясы нақты негіздері болады, бар зат, құбылыстар туралы айтады. Үшінші түрі – шығармашылық әңгіме болып есептеледі. Бала өзі ойластырып айтады, бірақ бала суреттегі кейіпкер туралы, көрмей тұрған зат туралы ойдан шығарып айта алады. Кішкентайлар тобында әңгімелеуге әзірлейді. Әңгімедегі оқиғаларды бірінен соң, бірін тәрбиешінің сұрақтарына, иллюстрацияларға қарап әңгімелеп беруді ұсынады.

Тыңдалды: Келесі мәселе әдіскер Ахпанова Г сөз алып, тәрбиеленушілердің коммуникативті қабілетін ТРИЗ технологиясы арқылы жетілдіру тақырыбында пікір алмасуға шақырды. Сөйлегендер: тәрбиеші Суттибаева М ТРИЗ технологиясының негізін салушы Генрих Саулович Альтимулера. 1926 жылы 15 қазанда Ташкент қаласында дүниеге келген. Кейінірек 5 жасында Баку қаласына көшіп барып, сол қалада өмірінің соңына дейін тұрған.

ТРИЗ технологиясын оқу қызметінде қолдану өте ыңғайлы, балаларға түсінікті қызық. Негізгі кезеңде ауылдағы әженің ауласындағы жан-жаққа қашып кеткен күшіктерін орнына жинап беру. Бұл жерде түстерді ажырата білуге үйрету. Балалар танымдық әр қимыл-қозғалыс ойынын ойнайды. Одан кейін үй жануарлары туралы білімдерін бекіту үшін ТРИЗ технологиясы бойынша ТРИЗ сағаты қолданылатын «Анасын тап» ойыны ойнатылады. Бұл жерде бала ұзын тілімен бір үй жануарын таңдап атын атап, оның үй немесе жабайы жануар екенін айтып, қысқа тілмен төлін көрсетеді. Сергіту кезеңінде тақпақ айта отырып, мысықтың қимылдарын көрсетеді. Одан кейін әженің итіне үйшік жасап беру ұсынылады. Бұл жерде «Сиқырлы планета» тақтайшалары қолданылады. «Сиқырлы планета» көмегімен қол ұсақ моторикалық қиялы, ептілігі дамиды. Ұқыптылыққа тәрбиелейді.

Тәрбиеші Ахпанова Г Қорыту кезеңінде өтілген тақырып бойынша алған білімдерін бекіту үшін тағы да ТРИЗ технологиясы бойынша, «Лулия шеңбері» қолданылатын танымдық ойын ойнайды. Балаларды үш топқа бөліп, жарыстыру. (лулия шеңберінің құрылысы мен таныстыру). Оқу іс-әрекеті барысында неғұрлым ойын технологиясы көп қолданылса, соғұрлым меңгерілген білім жақсы болады. Қорыта келгенде мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында ойын технологиясы маңызды роль атқарады. Ойындар қолданылған сабақтарды балалар өздерін еркін сезініп, уялпақтықтан арылып, қиялдары дамиды.

Тәрбиеші Молдабаева Ж ТРИЗ технологиясының мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелену мен оқытудағы тиімділігі.

ТРИЗ – бұл объективті заңдылықтарының даму жүйесін зерделейтін және проблемалық шешу әдістемесін әзірлейтін ғылымтехникалық шығармашылық әдістемесі өндірістегі интеллектуалдық өнімділікті жоғарлату үшін қажеттіліктен туындаған әдіс. Ол ең концепцияға сүйенеді. Бірінші жағдайда ерекше ойлайтын дарынды адамдарда шабыты келген кезде ойлап, шабытын ерекше туынды. Бұл көбейтуге зерделеуге келмейді. Екінші жағдайда жасанды жүйенің өзгеруі адамның субъективті еркіне сүйене отырып жүргізілмейді, объективті заңдылықтарға сүйенеді. ТРИЗ жаңа ойларды нақты ғылымға айналдырды. Себебі, ол логикалық шешімдерге сүйенеді. ТРИЗ технологиясының негізгі мақсаты:

- 1) Техникалық амалдарды шешу.
- 2) Жүйелі ойлауға.
- 3) Икемді ойды дамытуға.
- 4) Қайталанбайтын логикалық құрылым жасауға.

Қазіргі заман талабына сай тәрбиеленумен білім берудің негізгі мақсаты, баланың шығармашыл, жеке бас болып, дәстүрден тыс әр саласындағы мәселерді шешуге білім әрекет ете алатын баланы тәрбиелеу болып табылады.

Сол себепті оқытумен тәрбиелеуде дәстүрлі түсіндіру, көрсету әдісін қазіргі даму заңдылықтарын ескере отырып, жеке бастың дамуына бітімделген белсенді әрекет етуші технологияға ауыстыру уақыт талабы.

Мектеп дейінгі баланы дамытуда екі психологиялық үрдісін қамтиды. Елестету – бұл нақты білімді негізге ала отырып жаңа идеяларлы тудыра білу, жаңа объектілердің жазу. Қиялдау – бұл да жаңа, бірақ ертегіден шындыққа ұласпайтын таңғажайып объектілердің бейнесін нақты білім негіздеріне сүйене отырып ойдан шығару.

Тәрбиеші: Ахпанова Г Балабақшада ТРИЗ технологиясын өолданудың негізгі мақсаты:

Өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеуге.Баланың дәстүрден тыс ойлауға үйрету. ТРИЗ әдістемесі бойынша төрт деңгейден өту арқылы,біз мақсатқа жетеміз.

Мысалы: Сүзгішпен суды қалай тасуға болады? Сүзгіш болғандықтан ол су болмау керек .Ендеше су жағдайда қандай болғанда тасуға келеді?Су өз бетімен ағып кетеді.Не істейміз. Жауабы: Сүзгішпен біз суды қайырып сүзгішке салуымыз керек .Бұл деңгейде болса өз бетімен бір жаңалық ашып ,шығармашылық қиялы дамытады,өздері шешім айтуға үйренеді.

Тыңдалды: Соңғы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Мырзатаева А сөз алды. Өз сөзінде тәрбиешілердің жылдық жоспарда бекітілген,ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне талдау мәселесіне тоқтады. «Бауырсақ» тобында сенсорикадан «Дөңгеленген тоқаштар тақырыбындағы ашық оқу қызметін тәрбиеші Усарова Э өтті. Тәрбиеші өзінің алдына қойған мақсатына жетеді деп ойлаймын. Оқу қызметі қызықты өтті ТРИЗ технологиясын пайдалана отырып өтті. Тоқаштарды балалардың денсаулығына зияны жоқ тұзды қамырдан мүсіндетті. Балалар қызаға отырып тапсырмаларды орындады.

Әдіскер Ахпанова Г : Мүсіндеуден Молдабаева Ж «Тізілген әдемі моншақтар тақырыбында ашық оқу қызметін ұйымдастырып өтті. Оқу қызметі қызықты жоспарланған. Балалар жайлаудағы әжеге қонаққа барып, әжеге көмек беру барысында түстермен танысып , түрлі тапсырмаларды орындай отырып, моншақтарды тұзды қамырдан, мүсіндеп, тізбектеуге көмектесті.

Рефлекссті түзету кезеңінде балаларға бекіту мақсатында жаттау немесе ойын ұйымдастыруға болар еді.

Тәрбиеші Ахпанова Г ортаңғы тобында жапсыру оқу қызметінен «Ертегі пішіндер тақырыбында ашық оқу қызметін өтті. Оқу қызметі сенсорика, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру оқу қызметтерінен байланыстырылған.

ТРИЗ технологиясын қолдана отырып,пішіндер ертегілер әлемінен келгендігін,түрлі тапсырмаларды орындау керектігі бойынша жүргізілді.Тапсырмаларды орындау барысында Монтессори технологиясының элементтерін,мнемотехника әдісін қолданды.

Ерте жас «Бауырсақ» тобында көркем әдебиет оқу қызметінен «Кім қалай дыбыстайды» тақырыбындағы ашық оқу қызметін тәрбиеші Усарова өтті. Оқу қызметін ойын түрінде жоспарланған АКТ технологиясын қолданды. Жануарларды төлдерімен табыстыру ойыны балалардың жас ерекшелігін сәйкес болмады.

Әдіскер Ахпанова Г: Тәрбиеші Молдабаева Ж математика негіздері оқу қызметінен «Сиқырлы математика» тақырыбында ашық оқу қызметін өтті.Тақырып ауқымды қызық өтті. Тәрбиеші оқу қызметі барысында ертегі желісі арқылы түрлі тапсырмалар орындады.Кеңістікте бағдарлау,жиынтық,сан және есеп,көлем,геометриялық пішіндер, уақытты бағдарлау бөлімдері бойынша бір-бір тапсырмаларды орындады. Заттарды салыстырып қою арқылы санамай –ақ жұптарын салыстыруға болар еді,осыған мән бермейді.

Үлестірмелі материалдарды оқу қызмет барысында таратуға болмайтыны ескертілді.

Қаулы етеді:

1.1.Кезекші топтарда оқу қызметі барысында санитарлық талаптар сақталынсын.

1.2.Қалған тәрбиеленушілерімен қашықтықтан оқыту жүргізілсін.

2.Ересек «Ақбота» тобында дидактикалық , қимылды ойындар картотекасы жасалынсын.

Төрайымы:
Хатшысы:



Мырзатаева Г
Суттибаева Ж

Педагогикалық кеңестің №5 хаттамасы

Қатысқандар саны: 8

18.05.2021 ж.

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Дамыта оқыту технологиясын қолдану жолдары» баяндама
3. Тәрбиешілердің 2020-2021 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарына есеп беруі
4. 2020-2021 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау.
5. Әр түрлі мәселелер:
 - Ағымдағы жөндеу жұмыстары
 - Жазғы сауықтыру іс-шаралары

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Мырзатаева А сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңесте қаулы етілген мәселелер кезекші топтарда оқу қызметі барысында санитарлық талаптардың сақталынуы, үй жағдайында отырған алған тәрбиеленушілерімен қашықтықтан оқыту тиынақты жүргізіліп жатқандығы, ересек «Аққу» тобында дидактикалық, қимылды ойындар картотекасы жасалынып сабақ барысында қолданып жатқандығын айтып өтті.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Ахпанова Г «Дамыта оқыту технологиясын қолдану жолдары» баяндамасын оқып егжей тегжейлі таныстырып өтті.

Менің де әдіскер ретінде алға қойған мақсатым – балаларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар, олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыру. Сол себепті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін идеялық жағынан ғылыми негізде өмірмен байланысты ұйымдастырып, баланың қызығуын, құштарлығын танытуға бағыттаимын. Соңғы кездері өз тәжірибемде дамыта оқыту технологиясының элементтерін қолданып келемін. Әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дамыта оқыту технологиясының стратегиялары балаларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға, ойнай отырып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді. Жаңашыл тәрбиеші ретінде әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тәрбиеленушілердің қызығушылық-тарын тудыратын әдіс-тәсілдерді саралап, топтағы әр баланың деңгейін ескеріп, өзіндік пікір, идеялар, өз бетінше орындауға мүмкіндік беретін тапсырмалады дайындап келемін.

Дамыта оқыту технологиясы - күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр баланың өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдай жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында дамытушылардың негізгі факторында, педагогтың рөлі мен атқаратын қызметінде, т.б. Бұл бағдарлы идеялар бүгінгі білім беру аясында қолдау табууда. Педагогика ғылымының зерттеушілері тәлім-тәрбие беру үрдісінің негізгі мақсаты бала тұлғасын дамыту деп таниды. Бірақ, тұлға дамуы туралы ізденушілігі психологияның айтуы бойынша, әр адамның өз қолында, оны сырттан әсер ететін күшпен дамытуға болмайды. Осы пікірден туған білім беру мақсатының басқа да тұжырымы бар: бала тұлғасын дамыту, оның толық өзіндік қалыптасуының, өзіндік жетілуінің амалы ретінде қарастырылады. Сондықтан білім беру жүйесінің мақсаты баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің өзіндік ашылуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ол үшін

тұлғаның дамуын көздейтін білім беру үрдісін, ұйымдастырудың түрлі әдістері мен амалдарын анықтап, жүзеге асыру қажет.

Дамыта оқыту технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиімді әдістерімен таныстырып өтсем:

1. Ой толғаныс әдісі
2. Ассоциация әдісі
3. Салыстыру әдісі
4. Раунд-Робин әдісі
5. Топтастыру әдісі

Ой толғаныс әдісі немесе психология тілінде «Миға шабуыл» деп те атайды. Бұл әдіс көбіне ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбын ашуда қолданылады. Мысалы жұмбақ шешу, сөзжұмбақ, суретті ребустар арқылы.

Ассоциация әдісі. Бұл әдісте берілген тақырып бойынша балаларда қандай ой туады соның барлығы сол сөздің жан-жағына жазылады. Мыс:

Жалпы отбасы: ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні

Салыстыру әдісі. Бұл әдісте балалар объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтайды.

Мысалы: Алма мен қызанақтың ұқсастығы мен айырмашылығы

Раунд-Робин әдісі. Бұл әдіс өткен немесе жаңа тақырыпты бекіту үшін қолайлы тәсілдердің бірі. Мұнда әр бала берілген тақырып туралы не біледі. Бір сөйлем немесе сөз тіркесі арқылы бірінің айтқанын бірі қайталамай түгел айтып шығуы тиіс. Мыс:

«Гүлдер» тақырыбында

-Гүл өсімдік

-Гүл әдемі

-Гүлді жұлуға болмайды

-Анамызға сыйлаймыз

-Достарымызға сыйлаймыз т.б.

Топтау әдісі. Топтау әдісінде балаларды деңгейлеріне қарай бірнеше топқа бөледі де, өздері орындай алатындай топтық тапсырма беріледі.

Мыс: «Пішіндер» тақырыбын өткенде

I топ – Үлестірмелі картадағы бейнеленген суреттерден геометриялық пішіндерді тауып, көрсету, атын атау.

II топ – Жіпті пайдалана отырып әртүрлі пішіндерді жасау.

III топ – Санағыштан үшбұрыш пен төртбұрышты құрастыру.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші және төртінші мәселелер бойынша балабақша тәрбиешілері жылдық шығармашылық тақырыптарына және жылдық тәрбиеленушілердің қорытынды мониторингі бойынша әр топтың есебі берілді.

Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелді.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Мырзатаева А сөз алды. Әр түрлі мәселелер бойынша, балабақшаның жаз маусымында жасалатын іс-шаралар жоспары анықталып, жаз мезгіліндегі ағымдық жөндеу жұмыстары жайында айтылды.

Балабақша әдіскері Ахпанова Г жаз мезгіліне әдіскер тарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жасалып, меңгерушімен бекітілгенін айтты. Ал, тәрбиешілерге арналған жаздық циклограмма журналына тапсырыс берілгенін айтты.

Ағымдық жөндеу жұмыстары бойынша балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Онда биылғы жылғы жөндеу жұмыстары шілденің алғашқы 1-2 аптасы аралығында жүргізілетінін айтты. Сондай-ақ, тәрбиешілерге алдағы оқу жылында ауысатын топтарына жөндеу жұмысын жасау ұсынысын тастады. Тәрбиешілер бір ауыздан келісті.

Қаулы етеді:

1. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, педагогтармен таныстырылсын.
2. Балабақша ғимаратындағы ағымдық жөндеу жұмыстарының жүруін шаруашылық меңгерушісі қадағаласын.

Төрайымы:
Хатшысы:



Мырзатаева А
Суттибаева М